

# ІМВ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР БОЙЫНША КПО ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЫ

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.

28/03/ 2025

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Осы слайдттарда көрсетілген ақпарат танысу үшін берілген. Ол ағымдағы жоспарларға сәйкес КПО компаниясының талаптарына алдын ала сипаттамасын білдіреді, бірақ КПО жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында осы ақпаратты өзгерту құқығын өзіне қалдырады, сондай-ақ КПО осы ақпаратты пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген заладар немесе шығындар үшін жауапты болмайды. Бұл ақпарат КПО мен семинарға қатысатын мердігерлер арасындағы қандай да бір шартқа енгізілмейді.

Бүгінгі талқылау КПО мен оның мүдделі тараптары жергілікті қамтуды дамыту үшін қабылдайтын көптеген іс-шаралардың бірі болып табылады.

Karachaganak

# Электр қозғалтқыштары мен құрамдас бөліктер

# ПРЕЗЕНТАЦИЯ МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе
2. КПО-да қолданылатын жұмысқа электр қозғалтқыштарының түрлері:
3. Электр қозғалтқыштарға қойылатын техникалық талаптар
    - МЭК 60529 сәйкес қорғау дәрежесі (IP)
    - МЭК 60079 халықаралық стандарттар бойынша талаптар
    - Қоршаған ортаның температурасы бойынша қойылатын талаптар
    - ISO 1680 сәйкес шу деңгейіне қойылатын талаптар
    - МЭК 60034-18 сәйкес электрлік оқшаулауға қойылатын талаптар
4. КПО-да электр қозғалтқыштарына техникалық қызмет көрсету стратегиясы
5. Мойынтіректерге қойылатын техникалық талаптар. ИСО (ISO) R281 сәйкес тербеліс мойынтіректеріне қойылатын талаптар
6. Тұтыну болжамы

# КІРІСПЕ

Бұл презентацияның мақсаты семинарға қатысушылардың КПО-да қолданылатын электр қозғалтқыштарына қойылатын техникалық талаптармен, өндірушілермен, сондай-ақ мойынтіректер сияқты негізгі құрамдас бөліктердің сипаттамалары мен тұтыну болжамымен таныстыру болып табылады.

Презентация келесіге бағытталған:

- Қолданыстағы стандарттар мен «Төмен вольтты асинхронды қозғалтқыштарға арналған техникалық шарттар - KPO-00-ELT-SPC-00016-ER» құжатына негізделген, КПО үшін электр қозғалтқыштарына қойылатын техникалық талаптарды түсіндіру;
- Электр қозғалтқыштарында ең жиі қолданылатын мойынтіректер, олардың сипаттамалары мен қолдану көлемі туралы ақпарат беру.

# КПО-да ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭЛЕКТР ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ:

КПО-ның өндірістік учаскелерінде қуаты 315 кВт дейінгі 2200 астам төмен вольтты (400В/690В) электр қозғалтқыштары және 6 кВ электр қозғалтқыштарының 51 бірлігі жұмыс істейді.

Олардың ішінде келесі өндірушілер бар:

- ABB
- ATB
- Brook Hansen
- Brook Crompton
- CEMP
- Euromotori
- HEW
- INGERSOLL-RAND
- LOHER
- MARELLI MOTORI
- ROTOR
- SUD ELECTRIK AG
- WEG

# ЭЛЕКТР ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

- **МЭК 60529 сәйкес енуден қорғау дәрежесі (IP)** (корпустар қамтамасыз ететін қорғау дәрежелері):
  - Корпустың ең төмен қорғау дәрежесі IP55 болуы тиіс
  - Бұл стандарт Қазақстанда және ЕАЭО елдерінде оның аналогы болып табылатын ГОСТ 14254-2015 арқылы қолданылады

- **МЭК 60079 халықаралық стандарттар бойынша талаптар:**
  - Егер техникалық деректерде қозғалтқыштың қауіпті аймақта қолдануға арналуы көрсетілсе, онда қозғалтқыш және оның барлық құрамдас бөліктері мақұлданған сертификаттау органы талаптарына сай келуі және МЭК 60079 тиісті бөлімдеріне сәйкес белгілер мен таңбалары болуы тиіс.

- *МЭК 60079 - жарылыс қаупі бар ортада (мұнай, газ, химиялық өндіріс) қолданылатын электр жабдықтарға қойылатын талаптарды белгілейтін халықаралық стандарт. Ол аймақтарды жіктеуді, қорғаныс әдістерін (Ex d, Ex e, Ex i, Ex p және т.б.) және Ex-жабдықтарын монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету талаптарын қамтиды. Қазақстанда IEC 60079 стандарты ГОСТ 60079 және ТР ТС 012/2011 «Жарылыс қаупі бар ортада жұмыс істеуге арналған жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» арқылы қолданылады. Жабдықты Ex аймағына жеткізу үшін ATEX (ATEX 2014/34/EU) немесе ГОСТ/ТР ТС бойынша тиісті сертификат қажет.*

# ЭЛЕКТР ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРҒА ЖӘНЕ ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

- **Қоршаған ортаның температурасы бойынша қойылатын талаптар**
  - Төмен вольтты асинхронды қозғалтқыштардың техникалық шарттары (KPO-00-ELT-SPC-00016-R) құжатына сәйкес, қозғалтқыштар температурасы **-40С-ден +40С-ге дейін** қоршаған ортада жұмыс істеуге арналған болуы керек.

- **ISO 1680 сәйкес шу деңгейіне қойылатын талаптар** (Акустика. Айналмалы электр машинары шығаратын шуды өлшеуге арналған сынақ әдістері):
  - Әр түрлі электр машиналарының шу деңгейін салыстыруға мүмкіндік беретін сынақ шарттарын, дыбыс қысымын өлшеу тәсілдерін және акустикалық сипаттамаларды бағалау әдістерін реттейді.
  - Шудың максималды деңгейі 77 дБ-ден аспауы керек.

# ЭЛЕКТР ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРҒА ЖӘНЕ ҚҰРАМДАС БӨЛШЕКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

- **МЭК 60034-18 сәйкес электрлік оқшаулауға қойылатын талаптар** - Айналмалы электр машиналары. Электр оқшаулауды бағалау әдістері.
  - Барлық оқшаулағыш материал МЭК 60034-18 стандартында сәйкес кемінде F класына сай болуы керек



# КПО-да ЭЛЕКТР ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТРАТЕГИЯСЫ

Электр қозғалтқыштарына техникалық қызмет көрсету KPO-AL-MAI-GTS-00014-ER стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады, онда техникалық қызмет көрсету әр 48 айда 1 рет жүргізілуі тиіс деп көзделген. Қызмет көрсету аясында мойынтіректерді ауыстыру, жарылыстан қорғайтын қабықтың тұтастығын және оның МЭК 60079 стандарттарының талаптарына сәйкестігін тексеру, сондай-ақ КПО шеберханасында электр параметрлеріне диагностика жүргізу қарастырылады.

Техникалық талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда, электр қозғалтқышы бизнес-серіктестің мамандандырылған шеберханасына күрделі жөндеуге жіберіледі. Қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, техникалық сипаттамалары ұқсас жаңа электр қозғалтқышы сатып алынады.

# МОЙЫНТІРЕКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

**ИСО (ISO) R281 сәйкес тербеліс мойынтіректеріне қойылатын талаптар** (Тербеліс мойынтіректері. Динамикалық жүк көтергіштігі және номиналды ресурс):

- Шарикті мойынтіректер С3 типті болуы тиіс
- Мойынтіректердің қызмет ету мерзімі ИСО (ISO) R281 стандартына сәйкес есептелген B10 мәні бойынша кемінде 40,000 сағатты құрауы керек

- ISO 281 – динамикалық жүктемелер мен пайдалану шарттарына негізделген тербеліс мойынтіректерінің номиналды қызмет ету мерзімін есептеу әдістерін белгілейтін халықаралық стандарт. Бұл стандарт B10 (L10) қызмет ету мерзімін анықтайды, яғни майлау, температура және ластану сияқты факторларды ескере отырып, топтамадағы мойынтіректердің кемінде 90%-ы көрсетілген мерзім ішінде ақаусыз жұмыс істеуі тиіс

# ТҰТЫНУ БОЛЖАМЫ

## Техникалық қызмет көрсету кезінде ең көп сұранысқа ие мойынтіректердің тұтыну болжамы

| МОДЕЛІ | 2025-2026 жж. (дана) |
|---|---|
| 6203 ZZ C3 | 110 |
| 6204 ZZ C3 | 88 |
| 6206 ZZ C3 | 70 |
| 6208 ZZ C3 | 36 |
| 6212 ZZ C3 | 40 |
| 6213 ZZ C3 | 20 |
| 6306 ZZ C3 | 44 |
| 6308 ZZ C3 | 120 |
| 6309 ZZ C3 | 84 |
| 6310 ZZ C3 | 44 |
| 6311 ZZ C3 | 22 |
| 6312 C3 | 150 |
| 6313 C3 | 38 |
| 6319 C3 | 20 |

Karachaganak



# Техникалық қызмет көрсету және қосалқы бөлшектер стратегиясы

# МАЗМҰНЫ

1. Қысқаша мазмұн
2. Газ турбиналары - Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар
3. Бу турбиналары - Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар
4. Дизельдік қозғалтқыштары - Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар
5. Редукторлар - Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар

# ҚЫСҚАША МАЗМҰН

Техникалық қызмет көрсету және қосалқы бөлшектер стратегиясы:

- Стратегияларға шолу және жергілікті қамту талаптарына сәйкестік
- Жабдықтар мен техникалық қызмет көрсетуге шолу
  - Газ турбиналары (MS5002D, PG6561B)
  - Бу турбиналары (353T, 503E)
  - Дизельдік қозғалтқыштар
  - Редукторлар (Flender, MAAG, Voith)

Әр бөлім жалпы шолуды және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарының тізімін қамтиды.

1

# Газ турбиналарына шолу

# ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА ШОЛУ

| OEM | Түрі | Қуаты |
|---|---|---|
| General Electric (x5) | MS5002D қосбілікті* | 32.5MW |
| General Electric (x4) | PG6561B бірбілікті* | 36.3MW |

## G .T. MS5002D



## G .T. PG6561B



# MS5002D ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
|---|---|---|
| LTPI<br>Ыстық құбыр инспекциясы және өтпелі секция | 24 мың сағат ыстық газ трактінің инспекциясымен біріктіріледі | Қақпақ және ыстық құбырлар<br>Өтпелі секциялар<br>Басты оттықтар<br>Екінші дәрежелі оттықтар<br>Жалын айналма құбырлары<br>Шығыс материалдары |
| HGPI<br>Ыстық газ трактінің инспекциясы | 32 мың сағат | Ыстық құбыр инспекциясына арналған қосалқы бөлшектер және өтпелі секция*+<br>1-сатылы келтеқұбыр жиынтығы<br>1-сатылы қалақша жиынтығы<br>1-сатылы дефлектор жиынтығы<br>1-сатылы қалақшаның қалқа жиынтығы<br>Шығыс материалдары |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 64 мың сағат | Ыстық газ трактінің инспекциясына арналған қосалқы бөлшектер*<br>+<br>1-ші және 2-ші сатылы келтеқұбыр жиынтығы<br>1-ші және 2-ші сатылы қалақша жиынтығы<br>1-ші және 2-ші сатылы дефлектор жиынтығы<br>1-ші және 2-ші сатылы қалақшаның қалқа жиынтығы<br>Шығыс материалдары |

# PG6561B ГАЗ ТУРБИНАЛАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
| --- | --- | --- |
| Жану камерасының инспекциясы | 12 мың сағат<br>24 мың сағатқа дейін ұзартылатын болады | Қақпақ және ыстық құбырлар<br>Өтпелі секциялар<br>Басты оттықтар<br>Екінші дәрежелі оттықтар<br>Жалын айналма құбырлары<br>Шығыс материалдары |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 48 мың сағат | Жану камерасының инспекциясына арналған қосалқы бөлшектер*<br>+<br>1-ші, 2-ші және 3-ші сатылы келтеқұбыр жиынтығы<br>1-ші, 2-ші және 3-ші сатылы қалақша жиынтығы<br>1-ші, 2-ші және 3-ші сатылы дефлектор жиынтығы<br>1-ші, 2-ші және 3-ші сатылы қалақшаның қалқа жиынтығы<br>Шығыс материалдары |

Karachaganak

2

# Бу турбинасына шолу

# БУ ТУРБИНАСЫНА ШОЛУ

| OEM | Түрі | Қуаты |
|---|---|---|
| Dresser Rand (x2) | 353T | 375 кВатт |
| Dresser Rand (x4) | 503E | 203 кВатт |

## Бу турбинасы



# 353Т ТИПТІ БУ ТУРБИНАСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
|---|---|---|
| Ішінара инспекция | 1 жыл | Май<br>Май сүзгісі |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 6 жыл | Ротор (қосымша)<br>Мойынтіректер<br>Сақина<br>Клапандар<br>Реттеуші клапандар<br>Төлке<br>Соташық<br>Шығыс материалдары |

# 503E БУ ТУРБИНАСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
|---|---|---|
| Ішінара инспекция | 1 жыл | Май |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 6 жыл | Ротор (қосымша)<br>Мойынтіректер<br>Сақина<br>Клапандар<br>Реттеуші клапандар<br>Төлке<br>Соташық<br>Шығыс материалдары |

Karachaganak

3

# Дизельдік қозғалтқыштарға шолу

# ДИЗЕЛЬДІК ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРҒА ШОЛУ

| OEM | Түрі | Қуаты |
|---|---|---|
| John Deere | 4045HF158 | 112кВатт |
| Caterpillar (x5) | 3408 | 377кВатт |
| Caterpillar | 3516-TA-EPG | 1710кВатт |
| Perkins | 4012-46 TAG2A | 1331кВатт |
| General Electric Co. (x2) | 25Z06567 | 3028кВатт |
| General Electric Co. | GE 12 V 250 / VEE | 3028кВатт |
| Patterson (x2) | 3406B | 314кВатт |

# ДИЗЕЛЬДІК ҚОЗҒАЛТҚЫШҚА ШОЛУ

## Дизельдік қозғалтқыш: 3408



# ДИЗЕЛЬДІК ҚОЗҒАЛТҚЫШҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
|---|---|---|
| Ішінара инспекция | 6M | Ауа / Май / Отын сүзгілері |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 36M | Белдік,<br>Отын сорғысы,<br>Радиатор қақпасы,<br>Күйінте қақпағының төсемі,<br>Қимасы дөңгелек сақина,<br>Тығыздауыш сақина,<br>Инжектор төсемі,<br>Инжектор |

Karachaganak

4

# Редукторларға шолу

Karachaganak

# РЕДУКТОРЛАРҒА ШОЛУ

| OEM | Түрі |
|---|---|
| Flender | TX32/5X |
| Flender (x2) | TX32/4X |
| Flender (x9) | TX80/9X |
| MAAG (x5) | GB-50/2 |
| Flender (x5) | GF51BE |
| Voith (x4) | FLUIDRIVE-GST50 |
| Voith (x4) | A609 |
| Flender (x4) | TRL65CV |

# РЕДУКТОРЛАРҒА ЖӘНЕ ГИДРОЖАЛҒАСТЫРҒЫШҚА ШОЛУ

## Гидрожалғастырғыш GST 50



## Редуктор TX80/9X



# ГИДРОЖАЛҒАСТЫРҒЫШҚА (Voith:GST50) ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
|---|---|---|
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 48000 сағат | Кіріс білігі (қосымша)<br>Шығыс білігі (қосымша)<br>Геротор<br>Редуктор<br>Жалғастырғыш<br>Май сорғысы (қосымша)<br>Шығыс материалдары |

# БАСҚА РЕДУКТОРЛАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

| Жұмыстар | Жиілігі | Пайдаланылған бөлшектер |
| --- | --- | --- |
| Күрделі жөндеу жұмыстары | 48000 сағат | Мойынтіректер<br>Редукторлар жиынтығы (қосымша)<br>Білік жалғастырғышы (қосымша)<br>Май сорғысы<br>Шығыс материалдары |

# IMB ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

МОТОРЛАР, ЖЕТЕКТЕР БОЙЫНША КПО ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАРЫ

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕР

## ІРІ ОПЕРАТОРЛАР

КҮШ-ЖІГЕРДІ БІРІКТІРУ
САНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҰСЫНУ

NCOC North Caspian Operating Company
Karachaganak
ТCO Теңізшевройл

**ОПЕРАТОРЛАР ДЕРЕКТЕРІН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

**АДВОКАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

**ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ**

**ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ**

## ҮКІМЕТ

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

## МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

**Қажеттіліктерді талдау және жергіліктендіру басымдықтарын белгілеу кезінде біз FPAL кодтау жүйесін қолданамыз.**

**FPAL тауар кодтары**

1.01
Бұрғылау жабдықтары

1.02
Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар

2.99
Басқа өнімдер / жабдықтар мен материалдар

| А тауар тобы | В тауар тобы | С тауар тобы | D тауар тобы |
| --- | --- | --- | --- |
| 1.09 Электр жабдықтары мен материалдары | 1.04 Сорғылар мен тығыздағыштар | 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар | 1.03 Компрессорлар, желдеткіштер және олардың құрамдас бөліктері |
| 1.10 БӨАмА | 1.11 Технологиялық сүзгілер | 1.07 Жылу алмастырғыштар / Жылуалмасу жабдықтары | 1.05 Қозғалтқыштар және олардың құрамдас бөліктері |
| 2.02 Клапандар және олардың құрамдас бөліктері | 1.12 ЖЖАБ | 1.16 Өртке қарсы жабдықтар | 2.03 Болаттан және металдан жасалған бұйымдар |
| | 2.01 Құбыр өнімдері | 2.07 Химиялық заттар / Майлар / Бояулар | 2.11 Шеберханаға арналған жабдықтар мен қол құралдары |
| | | 2.08 Оқшаулағыш / отқа төзімді материалдар | |

Жоғарыда аталған тауар топтары бойынша сатып алу деңгейі үш оператордың **барлық тауар сатып алуларының 75%-нан астамын** құрайды **

** Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің жағдайлық-талдау орталығының статистикалық деректеріне сәйкес*

# ТАУАП ТОПТАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

| | А тауар тобы | В тауар тобы | С тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|---|
| Қажеттіліктерді талдау | 35 000 тауар позициялары | 55 000 тауар позициялары | 7 000 тауар позициялары | 12 000 тауар позициялары |
| Синергия арқылы анықталған жоғары сұранысқа ие тауар түрлері | Тауарлардың 22 түрі | Тауарлардың 19 түрі | Тауарлардың 27 түрі | Тауарлардың 39 түрі |
| Нарыққа талдау жүргізу, қолжетімді дереккөздерден алынған кеңейтілген тізім | 90-нен астам өндіруші | 100-нен астам өндіруші | 80-нен астам өндіруші | 150-нен астам өндіруші |
| Қызығушылық танытқан өндірушілерге бару | 81 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 73 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 50 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 55 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды |
| Жоғары сұранысқа ие тауарларды өндіретін өндірушілердің шорт-листі | Іріктелген 23 кәсіпорын | Іріктелген 16 кәсіпорын | Орындалуда | ӘА |
| Жалпыланған техникалық талаптар | 12 ЖТТ әзірленді | 8 ЖТТ әзірленді | Орындалуда | ӘА |
| Әлеуетті дамыту | Әлеуетті дамыту бойынша 8 жоспар әзірленді | Әлеуетті дамыту бойынша 4 жоспар әзірленді | ӘА | ӘА |
| Әлеуетті дамыту жоспарларын жүзеге асыру | Ұсынылған 3 өндіруші | Ұсынылған 2 өндіруші | ӘА | ӘА |
| Локализация бойынша мысалдар | 13 инвесторлармен бірлесіп әзірленді | 5 инвесторлармен бірлесіп әзірленді | 4 инвесторлармен бірлесіп әзірленді | 1 инвесторлармен бірлесіп әзірленді |

**Операторларға берілетін ұсынымдар**

# ҚАЖЕТТІЛІКТЕР: МОТОРЛАР, ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

## МОТОРЛАР, ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Электр қозғалтқыштары (1 фазалы, 3 фазалы, жарылыстан қорғалған және т.б.) және олардың құрамдас бөліктері
**1,857 дана/жиын/қап**



Газ турбиналарына арналған қосалқы бөлшектер, құрамдас бөліктер және шығын материалдары (жөндеу жиынтықтары, кептіргіштер, сүзгілер, тығыздағыштар, иірүтік, қақпақтар, ішпектер және т.б.)
**2,720 дана/жиын/қап**



Жалғастырғыштар
**404 дана/жиын**



Беріліс қорабы және оған арналған қосалқы бөлшектер, құрамдас бөліктер мен шығын материалдары (білік, тістегершік, диск, бекіткіш сақина және т.б.)
**1,962 дана/жиын/қап**

technicalsupport@imbc.kz

+ 7 (7172) 39-99-66

www.imbc.kz

*IMB Орталығы ұсынатын өндірушілердің әлеуетін дамытуға қолдау көрсету қызметтерінің ауқымы мен ерекшелігі шектеулі және өндірушінің Операторлардың талаптарына сәйкес өз өнімін жеткізуге дайындығына байланысты жеке тәртіпте ұсынылады.*

*IMB Орталығының көмегі әлеуетті өндіруші тарапынан қандай да бір жауапты әрекеттерге жүктемейді. IMB Орталығының қызметтері Операторлардың сатып алу процестеріне өндірушінің сәтті қатысуы және/немесе келісімшарттар жасасу үшін кепілдік болып табылмайды.*

Karachaganak



# КПО жеткізушілерінің деректқоры

# КПО ЖЕТКІЗУШІЛЕРІНІҢ ДЕРЕКҚОРЫ



# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

## Барлық әлеуетті жеткізушілер КПО жеткізушілерінің дереккорында тіркелуі керек

**ТІРКЕУ ПРОЦЕССІ**

**Тіркеу**

келесі туралы ақпаратты ұсыну:
- техникалық құзыреті
- тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің мәлімдеген санаттары бойынша т әжірибе
- персоналдың болуы
- қаржылық айналымдар
- т.б.

**ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІКТІ ТЕКСЕРУ**

КПО заңды талаптарына сәйкес этикалық сенімділік дәрежесін анықтау:

- Қазақстандық және шетелдік заңнаманың талаптарына сәйкестігі
- КПО ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігі
- құрылтайшылардың тізімдерін ұсыну

КПО жеткізушілерінің дерекқорында тендерге қатысуға немесе келісімшарт алуға кепілдік бермейді. Алайда тіркелген компания қажеттілік туындаған жағдайда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсыну үшін нарықты зерттеу, алдын ала біліктілік процесі немесе тендерге қатысуға үміткер ретінде қарастырылуы мүмкін екенін білдіреді.

# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

- КПО жеткізушілерінің бірыңғай деректер қорында тіркелу үшін:
  - Сауалнаманы жүктеп алыңыз – https://kpo.kz/ru/postavshchikam/registracija-v-baze-dannykh-postavshchikov-kpo
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау үшін сауалнаманы толтырыңыз және қызмет кодтарын белгілеңіз;
  - Құжаттардың қажетті көшірмелерін қоса беріңіз;
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау және тіркеу үшін толтырылған құжаттар топтамасын MIVQ@kpo.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет.
  - Байланыс телефон нөмірлері: +7 (711336) қосымша. 4943, 4946, 2192.

- КПО барлық жеткізушілерді көрсетілген тіркеу деректерін тұрақты негізде жаңартуға шақырады:
  - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәлімделген санаттары бойынша тәжірибе;
  - сертификаттау, аттестаттау;
  - қайта құрылымды;
  - Байланыс тұлғалардың ауысуын.

# НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ

**МАҚСАТЫ**

- КПО талаптарына сәйкес жұмыстардың қажетті көлемін орындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті жеткізушілерін айқындау
- КПО тендерін өткізу кезінде еркін бәсекелестікті қамтамасыз ету

**ПРОЦЕСС**



# «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ» ЖҮЙЕСІ






Karachaganak



# Сатып алу процесі

Karachaganak

# ТЕНДЕР ПРОЦЕСІ

КПО өзінің сатып алу қызметін келесіге сәйкес жүргізеді:

- Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім (құпия және тек КПО, серіктес-компаниялар және Қазақстан Республикасы қолдануы үшін) және Карашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелері
- Қолданыстағы заңнама
- Бекітілген бюджет және Жұмыс бағдарламасы

## ПРОЦЕСС

1. НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ / БІЛІКТІЛІКТІ АЛДЫН АЛА БАҒАЛАУ
2. ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРУ
3. ТЕНДЕРЛІК КЕЗЕҢ
4. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БЕРУ
5. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БАҒАЛАУ
6. КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСУ
7. КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ
8. КЕЛІСІМШАРТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

# ЕРЕКШЕ НАЗАРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ










**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ E-BIDDING ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**
**(Нұсқауларға сілтеме)**

**ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БЕРУ КҮНІ/УАҚЫТЫ**

# ТЕНДЕР ҚҰЖАТТАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Ілеспе хат
2. Міндетті түрде қол қйылуы, мөрмен куәландырылуы және белгіленген мерзімде ұсынылуы тиіс нысандар:
   - Хабарлама және құпиялылық туралы келісім нысаны;
   - Тендер нысаны;
   - Корпоративтік меншік туралы куәлік және Белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы өтініш.
3. Тендер нысанына тікелей қатысты құжаттама:
   - Келісімшарт нысаны, соның ішінде:
     - Келісім нысаны
     - А қосымшасы «Жалпы ережелер мен шарттар»
     - В қосымшасы «Жеткізілетін ТАУАРЛАР/ көрсетілетін қызметтер және ерекшеліктер көлемі»
     - С қосымшасы «Өтемақы және төлем»
     - D қосымшасы «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша талаптар»
     - Е қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер»
     - F қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ақпарат»
     - Н қосымшасы «Өндірістік қатынастар»
   - Тендерге қатысушыларға сауалнама
   - Тауарлардың тізбесі және жеткізудің техникалық шарттары (егер қолданылса)
4. Тендерлік ұсынысты дайындау бойынша нұсқаулық:
   - Тендерге қатысушыларға нұсқаулық
   - Тендерлік ұсынысты таңбалау үлгісі



# КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жалпы талаптары

# КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жалпы талаптары

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Жұмыс көлемі
- Мердігердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жөніндегі жоспары
- Сәйкестік




## 3 МЕРДІГЕР ОРЫНДАЙТЫН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША МІНДЕТТІ ЕҢ АЗ РӘСІМДЕР ТІЗІМІ

## 2 КЕЛІСІМШАРТТЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- ❖ Көшбасшылық және ұстанымдылық
- ❖ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат
- ❖ Жоспарлау
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша заңнама*
    - *Қатерледі басқару*
- ❖ Ұйым
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ персоналы*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша құзыреттілікке қойылатын талаптар*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша оқыту және нұсқау беру*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ақпарат алмасу*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жиналыстары*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедуралары*












- ❖ Қосарланған
    - *Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және тексеру*
    - *Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік гигиена мен санитария*
    - *Қоршаған ортаны қорғау*
    - *Жол қозғалысы қауіпсіздігі*
    - *ЖҚҚ-ға қойылатын талаптар*
    - *Апаттық әрекет ету саласындағы өзара іс-қимыл*
    - *Қосалқы мердігерлерді басқару*
- ❖ Бақылау және мониторинг
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша бақылау және хабарлау*
    - *Оқиғаларды тергеу*
    - *ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аудиттері мен тексерулері*
    - *ҚТ бойынша есептілік*
    - *ҚОҚ бойынша есептілік*

Karachaganak

# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

## СЫНАМА ТАПСЫРЫС

Жергілікті жеткізушілерден ТАУАРЛАРДЫҢ сынақ партиясын сынауға арналған тендерлер.

## ЕРТЕ ТЕНДЕР

Кейінге қалдыру шартымен немесе ұзақ мерзімді жеткізу кестесімен ТАУАРЛАРДЫ жеткізуге арналған келісімшарттар жасалатын тендер түрі.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕНДЕР

Тек қана жергілікті жеткізушілер арасында өткізілетін тендерлер. Мақсаты - келісімшарттарды Қазақстандық ТЖҚ жеткізушілерімен жасасу.

## ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАС КЕЛІСІМШАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢІ)

**Инвестицияға айырбас келісімшарты** конкурссыз негізде жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт, оған сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы аумағында сатып алу келісімшартының мәні болатын жергілікті тауарларды өндіруге міндеттенеді.



# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!